

Малайзияның Жоғарғы билеушісі XII Янг Ди-Пертуан Агонгтың Қазақстан Республикасына мемлекеттік сапарын дайындау және өткізу туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2003 жылғы 28 тамыздағы N 193-ө өкімі

Қазақстан Республикасы мен Малайзия арасындағы екі жақты ынтымақтастықты нығайту және 2003 жылғы 11-14 қыркүйекте Алматы және Астана қалаларында Малайзияның Жоғарғы билеушісі XII Янг Ди-Пертуан Агонгтың Қазақстан Республикасына мемлекеттік сапарын дайындау және өткізу жөніндегі протоколдық-ұйымдастыру іс-шараларын қамтамасыз ету мақсатында:

1. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі 2003 жылғы 11-14 қыркүйекте Алматы және Астана қалаларында Малайзияның Жоғарғы билеушісі XII Янг Ди-Пертуан Агонгтың Қазақстан Республикасына мемлекеттік сапарын (бұдан әрі - сапар) дайындау және өткізу жөнінде протоколдық-ұйымдастыру іс-шараларын қамтамасыз етсін.

2. Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасы (келісім бойынша): қосымшаға сәйкес Малайзия ресми делегациясының мүшелерін орналастыру, тамақтандыру және оларға көліктік қызмет көрсету жөнінде қажетті шаралар қ а б ы л д а с ы н ;

2003 жылға арналған республикалық бюджетте "Ресми делегацияларға қызмет көрсету" бағдарламасы бойынша көзделген қаражат есебінен сапарды өткізуге қатысты шығыстарды қаржыландыруды қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі, Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет қызметі (келісім бойынша), Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті (келісім бойынша) Малайзияның ресми делегациясы мүшелерінің әуежайлардағы, тұратын және болатын орындарындағы қауіпсіздігін, сондай-ақ жүретін бағыттары бойынша бірге жүруді қамтамасыз етсін.

4. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі б е л г і л е н г е н т ә р т і п п е н :

Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігімен бірлесіп, Малайзияның Жоғарғы билеушісі XII Янг Ди-Пертуан Агонгтың арнайы ұшағының Қазақстан Республикасының аумағы үстінен ұшып өтуін, Алматы және Астана қалаларының әуежайларында қонуын және одан ұшып шығуын;

Алматы және Астана қалаларының әуежайларында арнайы ұшаққа техникалық қызмет көрсетуді, оның тұрағын және жанармай құюды қамтамасыз етсін.

5. Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі сапардың бұқаралық ақпарат құралдарында жариялануын қамтамасыз етсін.

6. Алматы және Астана қалаларының әкімдері Малайзияның ресми делегациясын күтіп алу мен шығарып салу жөніндегі ұйымдастыру іс-шараларын орындауды, әуежайларды және көшелерді безендіруді, сондай-ақ мәдени бағдарламаларды ұйымдастыруды қамтамасыз етсін.

7. Қазақстан Республикасының Республикалық ұланы (келісім бойынша): Астана қаласының әуежайында Малайзияның Жоғарғы билеушісі ХІІ Янг Ди-Пертуан Агонгты күтіп алу және шығарып салу ресми салтанатына қатыссын;

Қазақстан Республикасы Президентінің атынан берілетін ресми қонақасыда концерттік бағдарламаны қамтамасыз етсін.

8. Осы өкімнің іске асырылуын бақылау Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігіне жүктелсін.

Премьер-Министр

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

П р е м ь е р - М и н и с т р і н і ң

2 0 0 3 ж ы л ғ ы 2 8 т а м ы з д а ғ ы

№ 1 9 3 ө к і м і н е

қосымша

Малайзия ресми делегациясының мүшелерін орналастыру, тамақтандыру және оларға көліктік қызмет көрсету жөніндегі шаралар

1. Малайзия ресми делегациясының мүшелерін (1+1+10), бірге жүретін адамдарды Астана қаласында "Окан Интерконтиненталь - Астана", Алматы қаласында "Анкара Риджент" қонақ үйлерінде орналастыру, тамақтандыру және оларға көліктік қызмет көрсету .

2. Қазақстан Республикасының Президенті Күзет қызметінің қызметкерлерін "Окан Интерконтиненталь - Астана" және "Анкара Риджент" қонақ үйлерінде орналастыру.

3. Баспа өнімдерін (бейджер, автомобильдерге арналған арнайы рұқсатнамалар, кувертка карталары, ресми қонақасыға шақырулар) дайындау.

4. Делегация басшысы мен мүшелері үшін сыйлық және кәдесыйлар сатып алу.

5. Малайзияның ресми делегациясын қарсы алу және шығарып салу кезінде Астана және Алматы қалалары әуежайларында шай дастарханын ұйымдастыру.

6. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың атынан Малайзияның Жоғарғы билеушісі ХІІ Янг Ди-Пертуан Агонгтың құрметіне ресми қонақасы

ұ й ы м д а с т ы р у .

7. Малайзия ресми делегациясының мүшелеріне және бірге жүретін адамдарға медициналық қызмет көрсету.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ